ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ

№81
(2459)
Сәрсенбі
14 қазан
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық ақпараттық-танымдық басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН БЮДЖЕТІНІҢ КІРІС БӨЛІГІН ҰЛҒАЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен аудан бюджетінің кіріс бөлігін ұлғайту және салық базасын кеңейту мәселелері жөнінде мәжіліс өтті.

Мәжілісте ауданның мемлекеттік кірістер басқармасының есебі тыңдалып, салық түсімдерін арттыру, коммерциялық нысандарды қайта бағалау, салықтық берешектерді өндіру және салық төлеушілердің міндеттемелерін толық орындауын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар талқыланды.

2026 жылғы ауданның кірістер жоспары 4 млрд. 269,4 млн. теңге көлемінде бекітілген. Жыл соңына дейін қосымша түсімдер есебінен бұл көрсеткішті 4 млрд. 367,8 млн. теңгеге жеткізу көзделіп отыр.



Тоғыз айдың қортындысы бойынша бюджетке 3 млрд. 103,3 млн. теңге түсім түскен.

Аудан әкімі салық базасын кеңейту бағытындағы жұмыстарды жандандыруды, қайта бағалауға жататын коммерциялық нысандар бойынша тиісті шараларды жеделдетуді және көлік салығы мен өзге де салықтық берешектерді өндіру жұмыстарын жақсартуды тапсырды.

Сонымен қатар, жеке мектепке дейінгі ұйымдардың салықтық міндеттемелерді уақытылы әрі толық орындауы, инженерлік-коммуналдық мекемелерге қарасты мүліктерді теңгерімге алу және «Туған жерге тағзым» акциясы аясында қосымша түсім көздерін қарастыру мәселелеріне назар аударылды.

Жұмысшы топтардың қызметін үйлестіру, IV деңгейлі бюджеттердің кіріс жоспарын орындау және ауылдық округтердегі салық түсімдерін арттыру бағытында нақты тапсырмалар берілді.

Аудан әкімі жауапты сала басшылары мен ауылдық округ әкімдеріне жыл соңына дейін бекітілген жоспарлардың толық орындалуын қамтамасыз етуді, бюджетке қосымша түсім түсіру мүмкіндіктерін тиімді пайдалануды және тапсырмалардың орындалуын күнделікті бақылауда ұстауды міндеттеді.

БАЙҚОҢЫР ҚАЛАСЫНДА ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТКІЗІЛДІ

Байқоңыр қаласында Қазалы ауданының ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті.

Іс-шараның басты мақсаты – тұрғындарды сапалы әрі қолжетімді азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету, отандық тауар өндірушілерді қолдау және азық-түлік бағасының тұрақтылығын сақтау.

Бекітілген кестеге сәйкес, жәрмеңкеге 24 автокөлікке тиелген 47 тоннаға жуық ауыл шаруашылығы өнімдері саудаға шығарылды.

Атап айтқанда, 4 тонна күріш, 400 кг. сүт өнімдері, 1,8 тонна ет, 1,2 тонна балық өнімдері, 36 тонна картоп пен көкөніс, 1 тонна кондитерлік өнім және 500 кг Қазалы кәмпиті сатылымға ұсынылды.

Сонымен қатар, «РЗА-Сүт» ЖШС мен «Байқоңыр» ӘКК» АҚ-ның картоп, жуа, сәбіз, қырыққабат, ұн, қант, өсімдік майы, қарақұмық және күріш өнімдері нарықтағы бағадан төмен бағамен сауда-ланды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі жергілікті тауар өндірушілердің өнімдерін кеңінен насихаттауға, олардың өнім өткізу мүмкіндіктерін арттыруға және Байқоңыр қаласының тұрғындарын қолжетімді бағадағы азық-түлікпен қамтамасыз етуге бағытталған маңызды іс-шара болды.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

Баспасөз - 2027

2027 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2027 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін атап айтамыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

АУДАН ӘКІМІ БІЛІМ ЖӘНЕ МЕДИЦИНА САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІН МЕРЕЙТОЙЛАРЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ





Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов білім беру саласының ардагері, Қазалы ауданының Құрметті азаматы Тілек Махамашұлы мен медицина саласының ардагері, Қазалы ауданының Құрметті азаматы Болат Қабылұлы Сәдуовті 80 жасқа толу мерейтойларымен құттықтады.

Қабылдауда аудан басшысы қос ардагердің елге сіңірген еңбегіне тоқталып, олардың саналы ғұмырын білім беру мен денсаулық сақтау салаларына, туған өлкенің өсіп-өркендеуіне арнағанын атап өтті.

«Қасиетті Қазалының өсіп-өркендеуіне әр кезеңде аянбай еңбек еткен азаматтардың орны ерекше. Сіздер ұзақ жылдар бойы білім беру және денсаулық сақтау салаларында абыройлы қызмет атқарып, халықтың алғысына бөлендіңіздер. Зейнет жасына жеткеннен кейін де қоғамдық жұмыстардан қол үзбей, елдің бірлігі мен ауылдың ынтымағын нығайтуға үлес қосып келесіздер. Өмір жолдарыңыз бен өнегелі істеріңіз кейінгі ұрпаққа үлгі. Сіздерді мерейлі 80 жасқа толған мерейтойларыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, ұрпақтарыңыздың қызығын көріп, абыройларыңыз асқақтай беруіне тілектеспін!» – деді аудан әкімі.

Жиында мерейтой иелеріне облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың құттықтауы табысталып, қазақы дәстүрге сай шапан жабылып, гүл шоқтары мен сый-құрмет көрсетілді.

Салтанатты қабылдауда аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, облыстық мәслихаттың депутаты Ібайдулла Тілеп, Қазалы аудандық «Білім беру саласы ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Қуанышбай, медицина саласының ардагері Алданазар Табынов және өзге де азаматтар сөз сөйлеп, мерейтой иелеріне ізгі тілектерін жеткізді.

Тілек Махамашұлы еңбек жолын құрылыс саласында бастап, кейін бар ғұмырын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруге арнады. Ол 1972 жылы туған жері «Арандды» аулындағы №97 мектепке мұғалім болып орналасып, 1973 жылдан 1996 жылға дейін осы білім ордасын басқарды. Ұзақ жылдар бойы ұстаздық етіп, зейнетке шыққаннан кейін де қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы, мектептің қамқоршылық кеңесінің төрағасы ретінде ел игілігіне қызмет етті. 2025 жылы ауданның дамуына қосқан үлесі үшін «Қазалы ауданының Құрметті азаматы» атағына ие болды. Зайыбымен бірге 2 ұл, 6 қыз тәрбиелеп өсірген ардагер бүгінде 26 немере мен 21 шөберенің қызығын көруде.

Болат Қабылұлы еңбек жолын 1969 жылы Бекарыстан би ауылдық ауруханасында дәрігер-стоматолог болып бастаған. 1984-2009 жылдары осы ауруханаңың бас дәрігері қызметін атқарып, ауыл тұрғындарының денсаулығын сақтау ісіне елеулі үлес қосты. Зейнетке шыққаннан кейін де қоғамдық қызметін жалғастырып, 2009-2023 жылдары ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы болды. Көп жылғы еңбегі мен қоғамдық қызметі үшін бірқатар марапатқа ие болып, «Қазалы ауданының Құрметті азаматы» атанды. Жұбайымен бірге 3 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсірген ардагер бүгінде 23 немере мен 4 шөберенің ортасында бақытты ғұмыр кешуде.

Жиын соңында мерейтой иелері көрсетілген құрметке ризашылығын білдіріп, ел мен жердің амандығын тіледі.

КҮЗГІ СЕНБІЛІК: КЕНТ КӨШЕЛЕРІНІҢ ТАЗАЛЫҒЫНА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛДІ

Қазалы ауданында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында күзгі санитарлық тазалық жұмыстары жалғасуда. Аудан орталығы – Әйтеке би кенті мен барлық ауылдық округтерде кезекті сенбілік ұйымдастырылды.

Бұл жолғы тазалық жұмыстарында кенттегі көшелерді ретке келтіруге басымдық берілді. Атап айтқанда, М.Әуезов, С.Мұқанов, Р.Бағланова, Төремұрат жырау көшелеріндегі қоқыстар жиналып, бей-берекет өскен шөптер шабылды. Сонымен қатар, кенттің ішкі және сыртқы аумақтарында санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілді.



Сенбілікке мекемелердің қызметкерлерімен қатар аудан тұрғындары да белсенді қатысып, өз аулалары мен көшелерін қоқыстан тазартуға үлес қосты.

Аудан әкімі Алмасбек Есманов Әйтеке би кентіндегі тазалық жұмыстарын аралап көріп, орталық көшелердің санитарлық жағдайына назар аударды. Кент әкімі мен тазалыққа жауапты аймақ басшыларына тазалық жұмыстарын жүйелі жүргізу және көшелердің күтімін тұрақты бақылауда ұстау жөнінде бірқатар тапсырмалар берді.

Сенбілікке 143 мекемеден 1678 адам, 18 техника жұмылдырылды. Нәтижесінде полигондарға 17,5 тонна қоқыс шығарылды.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

КӨШЕ ҚЫЗЫЛ СЫЗЫҚТАРЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША БРИФИНГ ӨТТІ

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз орталығында аудан аумағындағы жер телімдерін заңды пайдалану, көше қызыл сызықтарының талаптарын сақтау және заңсыз құрылыстардың алдын алу мәселелеріне арналған брифинг өтті.

Брифингте Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Айдан Маратұлы Ниязов спикер ретінде қатысып, атқарылып жатқан жұмыстар мен анықталған заң бұзушылықтар туралы баяндады.

Бөлім басшысының айтуынша, аудан аумағында жер телімдерінің мақсатты әрі заңды пайдаланылуын бақылау, елді мекендердің сәулеттік келбетін сақтау және заңсыз құрылыстардың алдын алу бағытында тұрақты түрде зерделеу және рейдтік жұмыстар жүргізілуде.

Жүргізілген зерделеу жұмыстарының нәтижесінде Әйтеке би кентінде көшенің қызыл сызығын бұзып, жер телімдерін артық қоршаған 16 дерек анықталған. Түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде 8 тұрғын артық қоршауларын өз еркімен



алып, жер учаскелерінің шекарасын заң талаптарына сәйкестендірген.

Ал, қалған жер учаскелері бойынша тиісті шаралар қабылдау үшін Қазалы ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне хат жолданған. Сонымен қатар, аталған жер учаскелері актіленіп, заңнамаға сәйкес шаралар қабылдау үшін Қызылорда облысының жер ресурстарын басқару департаментіне жіберілген.

Брифингте қызыл сызықтардың құқықтық талаптары да айтылды. Қазақстан Республикасының «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңына сәйкес, қызыл сызықтар көшелер мен қоғамдық аумақтардың шекарасын айқындайды. Ал Қазақстан Республикасының Жер кодексінде және өзге де заңнамалық актілерде осы аумақтарды пайдалану тәртібі белгіленген.

Заң талаптарын бұзу әкімшілік және өзге де жауапкершілікке әкелуі мүмкін. Рұқсатсыз салынған нысандарға қатысты заңнамада белгіленген тәртіппен шаралар қабылданады.

Заңсыз қоршаулар мен құрылыстар елді мекендердің сәулеттік келбетіне кері әсер етіп қана қоймай, инженерлік желілерді жүргізуге және өрт сөндіру, жедел жәрдем көліктерінің кедергісіз қозғалысына тосқауыл келтіруі мүмкін.

Осыған байланысты бөлім басшысы тұрғындарды жер телімдерін пайдалану кезінде заң талаптарын сақтауға, қоршауларды мемлекеттік актіде көрсетілген жер учаскесінің шекарасынан асырмай орнатуға және анықталған заң бұзушылықтарды өз еркімен ретке келтіруге шақырды.

Брифингтің негізгі мақсаты – жер қатынастары саласындағы заңдылықты сақтау, заңсыз құрылыстардың алдын алу және ауданның сәулеттік келбетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар туралы тұрғындарды ақпараттандыру.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

● Маманның кеңесі

КӨКЖӨТЕЛДЕН САҚТАНАЙЫҚ !

Көкжөтел – жедел тараратын, көбінесе, 8 жасқа дейінгі балаларда болатын жұқпалы ауру. Қоздырғыш бактериялар науқас бала жөтелгенде оның демі мен қақырығы арқылы тарап, сау балаға жұғады. Бактериялар баланың тыныс ағзаларында өсіп-өнеді.

Жұғу жолдары

Көкжөтелдің жұғу көзі – науқас адамдар. Олар әсіресе аурудың бастапқы кезінде өте жұқтырғыш келеді. Көкжөтелдің кез келген түрі басқа адамдар үшін өте қауіпті. Әсіресе, көкжөтел ұстамасы қысып, қатты жөтелген кезде сақтанған жөн. Өйткені қақырық бөлшектері 3 метрге дейін жетеді. Егер көкжөтелге тұрақты өмірлік иммунитеті қалыптаспаған болса, бұл сырқатпен кез келген жастағы адам ауыруы мүмкін.

Клиникалық белгілері

Жасырын кезең 3 күннен 15 күнге дейін созылады (орта есеппен 5-8 күн). Ауру ағымы үш кезеңнен тұрады –жөтел, ұстама жөтел кезеңі және босату кезеңі. Жөтел кезеңде құрғақ жөтел, кейде тұмау болады. Дене қызуы жоғары немесе қалыпты. Бұл кезеңнің ерекшелігі – тұрақты қатты жөтел. Емге карамастан, жөтел үнемі күшейе береді, тіпті шектеулі ұстамаға соқтыруы мүмкін. Бұл кезең 3-14 күнге созылады. Ұстама жөтел кезеңде жөтел ұстама сипатында болады. Ұстама кезінде қысқа жөтел арасында демді ішке тартқан сәтте ысқырық секілді дыбыс шығады. Ұстамадан кейін қою шырыш шығады, науқастың құсуы да мүмкін. Ұстама кезінде баланың беті қызарады, одан соң көгереді, мойнындағы тамырлар ісініп, көздері қанталайды. Ырықсыз нәжіс немесе несеп бөлуі мүмкін. Тіл сыртқа шығып, көзден жас ағады. Босату кезеңінде жөтел ұстамасыз болады, 2-4 аптаға созылады. Аурудың орташа ұзақтығы 6 апта шамасында, бірақ одан да ұзақ болуы мүмкін. Көкжөтел қатты асқынған жағдайда пневмонияға ұласуы мүмкін.

Көкжөтелдің алдын алу

Бүгінгі таңда көкжөтелмен алдын алудың жалғыз және тиімді шарасы-міндетті вакцинация күнтізбесіне енгізілген



иммундау болып табылады. Ол бала өмірінің бірінші жылында жасалады. Сондықтан ата-аналар үшін балаларын жұқпалы ауруларға қарсы уақытылы иммундау орынды шешім болып қала береді. Вакцинация аурудың белгілері жоқ (суық тию, дене қызуының көтерілуі), дені сау балаларға ғана жасалады. Вакцинация жоспарлы түрде Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес, 2 айда, 3 ай, 4 ай, 18 айда жүргізіледі. Екпе салдырған балалар арасында көкжөтелмен сырқаттану көрсеткіші өте төмен екенін айта кеткен жөн. Яғни, егілген балалар аталған індетпен сирек ауырады әрі жұқтырған күннің өзінде жеңіл түрде өтеді. Керісінше, егілмеген балалар арасында көкжөтел ауруын жұқтыру көрсеткіші жоғары. Сондай-ақ, олардың ауруы да созылып, ұзақ уақыт емдеуді қажет етеді. Мұндайға жол бермес үшін уақытында екпе алу керек.

Сара ШҮКІРӘЛИЕВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

АСА ҚАУІПТІ ҚҰТЫРМА АУРУЫ

Құтырма – адамдар мен жануарларға тән, жүйке жүйесін зақымдайтын аса қауіпті жұқпалы ауру. Ауру адамдарға құтырған жан жануарлар тісін батырғанда, адамның терісінің зақымданған жеріне сілекейін жаққанда жұғуы мүмкін. Бұл ауру адамдарға үй жануарларынан, иттерден, мысықтардан, сонымен қатар ет қоректі аңдардан жұғады.

Құтырма ауруының жасырын кезеңі (ауру қоздырғышы организмге енгеннен бастап, ауру белгілері пайда болғанға дейінгі аралық) 10 күннен 1 жылға дейін, көбінесе 1-3 айға созылады. Аурудың жасырын кезеңі аяқталғаннан кейін науқас елеріп, тыныс алысы бұзылады, жұтынуы қиындап, аяқ қолының жаны кетеді.

Егер сіз иттен, мысықтан немесе басқа жануарлардан жарақат алсаңыз дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Меншік нысанына қарамастан кез келген медицина мекемесінде жарақатты алғашқы өңдеу жүргізілуі тиіс(жарақатты жуу, өңдеу, асептикалық таңғыш қою) және құтыру ауруына қарсы антирабикалық вакцина салынуы ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, жарақат салған ит, мысық немесе басқа да жануар туралы білетініңіздің бәрін: иесінің аты-жөні, өзіңіздің оған қай жерде тап болғаныңызды, оны бұрын көргенкөрмегеніңізді, көрсеңіз қашан және қайдан көргеніңіз туралы айтуыңыз өте маңызды.

Құтыру ауруына қарсы екпені жүргізу ұзақтығы жарақат салған жануардың белгілі немесе белгісіз болуына байланысты болады.

Жарақат алған адамның құтыру ауруына қарсы екпе жүргізу үшін жарақат салған жануардың белгілі болуы маңызды екендігін білгеніңіз жөн.

Елді мекендердің маңайына тасталған мал өлекселерін жабайы аңдар мен елді мекен ішіндегі ит, мысықтар бірлесе жеп, жабайы аңдардың сілекейлерін үйлеріндегі ит пен мысықтар арқылы елді мекенге енгізуде. Ал елді мекендегі ит пен мысықтар тұрғындармен, оның ішінде балалар тығыз байланыста болып, құтырма вирусын жұқтыру қаупін арттырып отыр. Өйткені жабайы аңдардың сілекейінде 100 пайызда құтырма вирусы болады. Сондықтан мал өлекселерінің әр жерге тасталуына жол бермей, арнаулы мал қорымдарына тасталуы тиіс.

Кез келген жануар, әсіресе ит пен мысық оқыс мінез көрсетіп, алас ұрса, дереу ветеринарлық дәрігерге көрсету қажет. Мұндай жануарлардың иелеріне еш уақытта өздігінен көмек көрсетуге болмайды, себебі бұл адам өміріне өте қауіпті.

Құтырма ауруының алдын алудың ең негізгі жолы- бұл құтырмаға қарсы дер кезінде антирабикалық вакцина ектіру болып табылады. Сондықтан әрбір тұрғын иттен, мысықтан және басқа жануарлардан жарақат алғаннан кейін міндетті түрде дәрігердің нұсқауы бойынша егуге қарсылық білдірмей, құтырмаға қарсы антирабикалық вакцина алуы тиіс.

Гүлжазира ҚАРАШАЕВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы

ҚҰТҚАРУШЫЛАР – ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ҚАЛҚАНЫ



19 қазан – Құтқарушылар күні

Төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жою жолында аянбай еңбек етіп жүрген құтқарушылардың кәсіби мерекесі. Бұл күн – адам өмірін қорғауды басты міндетіне айналдырған батыл да жауапты мамандарға құрмет көрсететін ерекше күн.

Құтқарушы болу – үлкен жауапкершілікті, кәсіби шеберлікті, табандылық пен батылдықты талап ететін мамандық. Өрт, су тасқыны, жол-көлік оқиғалары және өзге де төтенше жағдайлар кезінде олар адам өмірін сақтап қалу үшін өз өмірлерін қатерге тігіп, қиындыққа қаймықпай қарсы тұрады.

Төтенше жағдайлар қызметінің мамандары күнтүн демей, кез келген уақытта көмекке келуге дайын. Олардың жедел әрі үйлесімді әрекеттерінің арқасында көптеген азаматтардың өмірі сақталып, түрлі апаттардың салдары азайтылуда. Құтқарушылардың еңбегі – ерліктің, отансүйгіштіктің және адамгершіліктің жарқын үлгісі.

Қазалы ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері де аудан тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өрттердің алдын алу, төтенше жағдайлардың зардаптарын жою және халыққа қауіпсіздік талаптарын түсіндіру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Сонымен қатар, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырып, тұрғындарды қауіпсіздік ережелерін сақтауға шақырады.

Құтқарушылардың жұмысы – тек қызметтік міндет емес, бұл – адам өміріне деген құрмет пен адалдықтың белгісі. Олардың әрбір сәтті құтқару операциясы – үлкен еңбектің, біліктіліктің және бірліктің нәтижесі.

Осы айтулы мереке қарсаңында барша құтқарушыларға, ардагерлерге және сала қызметкерлеріне шынайы алғысымызды білдіреміз!

Құрметті құтқарушылар! Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс, қызметте сәттілік тілейміз! Әрдайым абырой биігінен көрініп, ел тыныштығы мен халық қауіпсіздігі жолындағы қызметтеріңіз жемісті болсын!

Құтқарушылар күні құтты болсын!

Ел амандығы – құтқарушылардың қолында!

Қазалы ауданы
Төтенше жағдайлар бөлімі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, **бас редактор** - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru **Таралымы 11707 дана.**